

## *№6 Хромтау гимназиясында өткен «Сыңғырла, соңғы қоңырау» салтанатты жиыны туралы мәлімет*

25 мамыр күні №6 Хромтау гимназиясында соңғы қоңырау салтанатты жиыны болып өтті. Салтанатты жиынға ата-аналар, 1-11 сынып білім алушылары, ұстаздар, «Хромтау аудандық қаржы бөлімі» ММ басшысы міндетін атқарушы Айтанатова Ғайша Қуандықовна қатысты. Салтанатты жиында 2016-2017 оқу жылы бойынша озаттар шеруі болып, барлық ыстық тілектер, құттықтаулар ұстаздарға, түлектерге арналды. Ата-аналар тарапынан Баймағамбетов Марат түлектерді құттықтап, сәт сапар тіледі. Бірінші сынып білім алушылары үш тілде құттықтаулар жолдап, 11 сынып білім алушысы Еркінова Мерует «Білім кілтін» 10 сынып білім алушысы, оқу озаты Сейтпенбетов Жанболатқа табыс етті. Соңғы қоңырауды 26 мектеп бітіруші түлек соқты.





Орындаған: Жасағанбергенова Б.И